



ЗАҢ САЛАСЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМ

Г. Б. КУДАЙБЕРГЕНОВ,
«КАЗГЮУ Университеті» АҚ
Басқарма Төрағасының орынбасары

Мақалада ашық пікірталас алаңдарын ұйымдастыру арқылы қол жеткізуге болатын жан-жақты талқылауды, талдауды қажет ететін көпқырлы күрделі үдеріс ретінде құқықтық білім берудің өзекті мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің КАЗГЮУ Университетімен бірлесіп өткізген алғашқы «Заң саласы мамандарын дайындау мәселелері бойынша республикалық форумға» шолу берілген. Конструктивті диалогқа орталық мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, ҚР ЖОО ректорлары, шетелдік ғалымдар, ҚАЗГЮУ Университетінің және Астананың басқа да жоғары оқу орындарының профессорлары мен профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, магистранттар, докторанттар қатысты.

Түйінді сөздер: мемлекет, құқық, ҚР БҒМ, КАЗГЮУ Университеті, республикалық форум, юриспруденция, құқықтық білім беру, Ұлттық біліктілік жүйесі, жұмыс берушілер кеңесі, бітірушілер ассоциациясы.

2015 жылы 19 маусымда КАЗГЮУ Университетінің базасында алғашқы «Заң саласы мамандарын дайындау мәселелері бойынша республикалық форум» өтті.

Дөңгелек үстелдің жұмыс тілі: қазақ, орыс және ағылшын.

Модераторлар: ҚР Білім және ғылым вице-министрі, пед.ғ.д., профессор Балықбаев Такир Оспанұлы; КАЗГЮУ Университетінің қылмыстық-процессуалды зерттеулер және жемқорлыққа қарсы әрекеті ФЗИ директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Қоғамов Марат Шекішұлы.

«Құқықтық білім беру сапасы мен стандарттары туралы», «Құқықтық білім беруді реформалау және кәсіби заң саласы мамандарына сұраныс туралы» тақырыптарында екі панелдік сессия өтті.

Форумға Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, ҚР Конституциялық Кеңесінің, ҚР Бас прокуратурасының, ҚР Жоғары Сотының, ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Ішкі істер министрлігінің, ҚР Қаржы министрлігінің өкілдері, Дипломатиялық корпусының, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің, Қазақстан заңгерлер одағының, Республикалық нотариалдық палатаның, ҚР адвокаттар алқасының өкілдері, заң саласы мамандарын дайындайтын оқу орындарының басшылары мен басқа мемлекеттік органдардың, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

© Г.Б. Кудайбергенов, А. Ж. Наурызбай, 2015



А. Ж. НАУРЫЗБАЙ,
Басқарма хатшысы, Ғалым хатшы,
з.ғ.к., доцент

Форумды «КАЗГЮУ Университеті» АҚ Президенті, з.ғ.д., профессор **М.С. Нәрікбаев** ашты.

Барлық қатысушы мемлекеттік қайраткерлерге, дипломатиялық корпусқа, қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне, профессор-оқытушылар құрамына қатысқандары үшін және тұрақты дамуға қол жеткізу мен адамдарға қызмет ету ісінде, сапалы және қолжетімді білім беруде КАЗГЮУ-ге қолдау көрсеткендері үшін ризашылығын білдіре отырып, профессор, өзінің алғысөзінде форумның мақсаты құқықтық білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелері бойынша халықаралық және отандық сарапшылардың практикалық тәжірибесімен және идеяларымен алмасуына мүмкіндік беретін ашық диалог алаңын құру деп атап өтті.

Баяндамашы қатысушылардың назарын құқықтық саясаттың құрамдас бөлігі елдің индустриалдық-инновациялық дамуы мен оның зияткерлік әлеуетін арттыруды қамтамасыз етуде маңызды шарт болып табылатын ғылым мен білім беру қызметін құқықтық реттеу екендігін ұмытпау қажеттігіне аударды. Осылайша, жинақталған тәжірибе мен қазақстандық мемлекет пен қоғамның жақын және ұзақ мерзімді келешегі туралы ғылыми айқындалған іргелі түсініктерге, қоғамды дамытудың заманауи үрдістеріне негізделген бірыңғай құқықтық саясат қажеттігіне тоқталды.

«Құқықтық білім беру сапасы мен стандарттары туралы» №1 панелдік сессияны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі, пед.ғ.д., профессор **Т.О. Балықбаев** ашты. Өзінің алғысөзінде ол құқықтық білім жоғары оқу орындарының студенттері арасында дәстүрлі түрде жоғары сұранысқа ие екенін атап өтті. Сонымен қатар, диплом алған заңгерлердің саны бірнеше есеге өскенімен, өкінішке орай, оларды дайындау сапасы туралы бұлай айтуға болмайтынын жеткізді. Заң саласының мамандарын барлығы 68 ЖОО дайындайды. 2003-2014 жылдар аралығында құқық мамандығы бойынша 263 мың адам бітіріп шыққан. Сонда да «жаңа» заңгерлердің ағыны азаяр емес. Тек 2014 жылдың өзінде ғана заңгер мамандығы бойынша 35 мың түлек бітіріп шыққан.

17 миллион халқы бар ел үшін құқық саласында мұнша көп маманды дайындау шамадан тыс артық болып көрінеді. Себебі, статистика мәліметтері бойынша, ірі және орта кәсіпорын салаларында 2014 жылы заңгерлер саны 5300 болған. Ішкі істер министрлігі мен прокуратураны қоспағанда орталық мемлекеттік органдарда 900-ден астам штаттық заңгерлер жұмыс істейді. Сонымен қатар, елімізде шамамен 4500 адвокат пен 4000 нотариус бар.

Вице-министр заң саласындағы мамандарды дайындайтын жоғары



«КАЗГЮУ Университеті» АҚ Президенті, з.ғ.д., профессор М.С. Нәрікбаевтың Форумды ашуы, Астана қ., 19.06.2015 ж.

оқу орындарына қойылатын талаптарды күшейту бойынша шаралар қабылдауды ұсынды: бейінді емес жоғары оқу орындарында заң факультеттерін қысқарту және инвестициялық ахуалды жақсарту қажеттілігін ескере отырып, құқықтық білім берудің жаңа үлгісін, мазмұны мен стандарттарын жасау, заңды әріғарай жетілдіру, соның ішінде кең қолданылатын шетелдік құқықтағы нормалар мен институттармен алмасу.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары **А.Н. Кравченко** өзінің баяндамасында құқық қорғау органдарына дайындығы әлсіз мамандар келетінін айтып өтті. Қазір саны аз, бірақ, өте жақсы мамандар дайындауымыз қажет деген пікір айтты. Осылайша, заңгерлер дайындай алмайтын жоғары оқу орындары өз жұмысын тоқтатуы тиіс. Заңгерлер дайындайтын жоғары оқу орындарына қойылатын қатаң шараларды анықтап, критерийлерді арттыруды ұсынды.

Аудиторияның назарын мынадай тексеру нәтижесіне аударды:



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жауапты хатшысы М.Б. Бекетаевтың баяндамасы, Астана қ., 19.06.2015 ж.

тексерілген жеке жоғары оқу орындарының төрттен үші мемлекеттік білім беру стандарттарын сақтамаған, олардың 90%-ында ғылыми дәрежесі бар оқытушылар жетіспейді. Білікті оқытушылардың үштен бірі бірнеше жоғары оқу орындарында жұмыс істейді. Сондай-ақ оның сөзіне қарағанда, бірқатар жоғары оқу орындарында дөрекі жалған есеп беру жағдайлары кездеседі. Мысалы, ол Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінде штаттағы 160 ғылыми дәрежесі бар оқытушының ішінде 48 ғылым докторы шын мәнінде онда жұмыс істемегенін мысалға келтірді.

Бас прокурордың орынбасары жеке жоғары оқу орындарының көпшілігінде материалдық-техникалық база әлсіз екендігін, оның барлығы білім беру сапасына әсер ететінін атап өтті. Сондай-ақ проблемалар мемлекеттік жоғары оқу орындарында да кездесетінін, олар соңғы екі жылда 102 рет әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын айтты. Еліміздің түрлі өңірлеріндегі «Экономика» және «Құқықтану» факультеттерінің 2 және 3 курс студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін көрсете отырып, А.Н. Кравченко заң оқу орындарының көптеген түлектері ойдағыдай дайындалмайды, соған сәйкес, еңбек нарығында сұранысқа ие болуы мүмкін емес, деп түйіндеді. Құқықтық білім беру проблемалары жалпы алғанда, қазақстандық білім беру проблемаларымен үндес деп атап көрсетті Бас прокурордың орынбасары.

«Қазіргі жағдайда құқықтық білім берудің сапасы туралы» атты баяндамамен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жауапты хатшысы **М.Б. Бекетаев** шықты.

Ол отандық жоғары оқу орындары мен Батыс елдерінің жетекші университеттерінің құқықтық мектептері арасындағы стратегиялық әріптестік қарым-қатынастарды дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру және олардың озық тәжірибесін үйрену қажеттігіне тоқталды. Жауапты хатшы бұған Астана қаласында ағылшын құқықтары қағидаттарына негізделген тәуелсіз сот жүйесі бар Халықаралық арбитраж және Халықаралық қаржы орталықтарын құруды жоспарлау ықпал етеді деп санайды.

«Қазақстандық заңгерлер одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің хатшысы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының жанындағы Құқықтық кеңес төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құқық

қорғау жүйесі Бөлімінің инспекторы з.ғ.д. **Н.Н. Турецкий** бұдан бұрын ҚР Парламентінде осындай конференцияларды барлық аймақтарда, облыстарда өткізу және кейіннен ҚР БЖҒМ деңгейінде жетекші жоғары оқу орындарының базасында қорытындылай отырып, ұйымдастырудың қажеттігі туралы шешім қабылданғанын еске салды. Бірақ аудиторияның назарын ҚР БЖҒМ және ҚАЗҒУ-дің бәрінен озып, заңгерлер үшін осындай маңызды оқиғаны өткізіп отырғанына аударды.

Қатысушыларды «Азаматтық құқық» сияқты пәндерді 2 жыл (жалпы және ерекше бөлім) оқыту қажеттігіне көңіл бөлуге шақырды. ИМ кадрлық аппаратының қызметкерлерінің: «Біз тек үш жоғары оқу орындарын бітірген студенттерді ғана қабылдаймыз: олар ҚазҰУ, ҚарМУ және КАЗҒОУ түлектері. Қалған 61 жоғары оқу орындарының түлектерін біз қабылдамаймыз, себебі оларды бітірген студенттердің дайындық деңгейі лайықты емес екендігін білеміз» деген сөзін мысалға келтірді.

«Заң саласындағы мамандарды дайындайтын ЖОО-на қойылатын жаңа талаптар туралы» атты баяндамамен, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық Заң Академиясының ректоры **Өмірәлі Жалаири** шықты. Ректор әлеуетті ведомстволарының қызметкерлерін аттестациялаудың нәтижесі құқық қорғау қызметіндегі кадрлық жұмысты ұйымдастыруда жіберілген айтарлықтай кемшіліктерді ғана емес, сондай-ақ заң саласы мамандарын дайындаудың әлсіздігін де ашып көрсеткеніне назар аударды.

Мынадай ұсыныстар жасады: 2015 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ҚР БЖҒМ меншік түріне қарамастан барлық бейінді емес жоғары оқу орындарына заңгер мамандығы бойынша студенттерді қабылдауды тоқтату және 2015-2016 оқу жылынан бастап заңгер мамандығына қабылдамау; студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында елдегі құқықтық білім берудің сапасына тексеріс жүргізіп, көрсетілген критерийлерге сәйкес келмейтін жоғары оқу орындарының заңгер мамандарды дайындайтын лицензиясын қайтарып алу. Заңгер мамандарды дайындайтын базалық ЖОО анықтап, тек сол жоғары оқу орындарында ғана бүкіл ел үшін заң саласының мамандарын дайындау (құқықтық білім берудің сапасын тексеру нәтижелерін ескере отырып, ҚР БЖҒМ өзіне берілген құқық бойынша студенттерді заңгер мамандарын дайындайтын ЖОО-на бөлуі қажет). Заңгер мамандығы бойынша заңгер кадрлардың жаңа буынын дайындауға үміткер ЖОО



«КАЗҒОУ Университеті» АҚ ректоры, з.ғ.к. Т.М. Нәрікбаевтың баяндамасы, Астана қ., 19.06.2015 ж.

үшін қосымша міндетті нормативті талаптарды белгілеу.

Бірінші панелдік сессияның қорытынды сөзі КАЗҒОУ Университетінің ректоры, з.ғ.к., **Т.М. Нәрікбаевқа** берілді. Баяндама тақырыбы: «Құқықтық білім берудің келешегі мен проблемалары туралы».

Ректор өзінің сөзін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен басталған сот және құқық қорғау жүйесіндегі кадрлық саясат мәселелеріне ерекше көңіл аударған заңның үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі конституциялық реформаға назар аударудан бастады. Біліктілік талаптары мен кандидаттарды іріктеу механизмдерін қатайту құқықтық білім беру жүйесін сәйкесінше бейімдеуді талап ететінін атап өтті. Т.М. Нәрікбаев көптеген ЖОО-да заңгер мамандығы бойынша түлектердің білімі төмен деп санайды. Мұндай мәліметтер академиялық орта емес, жұмыс берушілер тарапынан анықталғандықтан, бұл бағалаудың ақиқат екендігін, сондай-ақ ЖОО-ның академиялық дәреже мен мемлекеттік үлгідегі дипломды беру туралы шешімді қабылдай отырып, сапаға тиісті бақылау жасамайтынын дәлелдейді.

Қатысушылардың назарын тағылымгер-студенттердің Германияда адвокаттық фирмаларда 9 ай тәжірибеден өтетініне, яғни сотта, прокуратурада, әкімшілікте олар 3 айдан жұмыс істейтініне аударып отырып, біздің студенттерге өндірістік тәжірибенің небәрі 10 аптасы жеткіліксіз екендігіне тоқталды. Т.М. Нәрікбаев «Құқық» тобы мамандықтары бойынша оқу мерзімін 5 жылға дейін (оның 4 жылы – теориялық білім, 1 жылы – кәсіби тәжірибе) ұзартуды ұсынды.

Ректор білім беру қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдірудің қажеттігін атап көрсетті. Мысалы, юриспруденция бойынша PhD докторантурасында оқуға гранттарды бөлудің тәртібі мен рәсімі ғылыми қызметті тоқыратып, ғылыми мектептердің дамуына кедергі келтіруде. Себебі, жылына бүкіл Қазақстанға юриспруденция бойынша PhD-ге небәрі 10 грант бөлінетіндіктен, ғылыми мектептерді құру мүмкін емес, ал ақылы негізде бұлай оқытуға тыйым салынған. Сондай-ақ ғылыми заң қызметін бағалаудың негізі болуы тиіс ғылыми дәйексөз алудың ұлттық жүйесін құрудың қажеттігін атап көрсетті. Т.М.Нәрікбаев Әділет министрлігімен бірге құқықтық білім беру саласында Ассоциация немесе Одақ формасындағы өзін-өзі реттеуші ұйымды (ӨРҰ) құруды ұсынды. Мұндай ӨРҰ-ды құрудың мақсаты – ұсынылған білім беру қызметінің сапасына ішкі жүйелік бақылау жасау. Бұдан кейін панелдік сессияның қорытындысы жасалды.

«Құқықтық білім беруді реформалау және кәсіби заң саласы маман-



Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары А.Н. Кравченконың баяндамасы, Астана қ., 19.06.2015 ж.



«Құқықтық білім беру сапасы мен стандарттары туралы» №1 панелдік сессия, Астана қ., 19.06.2015 ж.

дарына сұраныс туралы» №2 панелдік сессиясын КАЗҒОУ қылмыстық процессуалды зерттеулер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ҒЗИ директоры, з.ғ.д., профессор **М.Ш. Қоғамов** ашты.

Ол алғысөзінде екі маңызды мәселені шешуді ұсынды: заң саласы мамандарын дайындау үдерісі мен құқық қолдану тәжірибесіне сұраныстың арасындағы айырмашылықты қалай жою керек, сондай-ақ жоғары оқу орындарында білім алу кезінде Қазақстан халқына риясыз қызмет ететін және оның мүдделерін қорғайтын мамандарды – құқықтанушыларды тәрбиелеу.

Профессор, біздің заң жоғары оқу орындары және заң саласы мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындары әрбір заңгер мамандығының өзіндік ерекшелігін назарға ала отырып, оқытудың тәсілдерін түбірінен қайта қарауы қажет деді. Біріншіден, ол бакалавриаттың бірінші курсынан бастап болашақ заңгер мамандығына оқитындарды мақсатты түрде топтарға бөлуді ұсынды: тергеушілер, оперативті-іздеу тобы, құқық қорғаушылар, әділ сот және т.б. Екіншіден, барлық жоспарлар мен бағдарламаларда заңгер мамандығының өзіндік ерекшелігін көрсете білуді ұсынды. Алдымен өзіндік ерекшелікті анықтап алу қажет, құқықтық білім берудің тиісті деңгейінде оған қайта оралып, білім алушылардың есіне түсіріп отыру шарт. Үшіншіден, бұл өзіндік ерекшелікті бекіту, терең түсіну мақсатында білім алушыларға магистерлік кәсіби құқықтық білім мен одан әрі білім алудың мүмкіндіктерін көрсету қажет.

«Құқықтық білім берудің көпдеңгейлі үздіксіз жүйесіне қойылатын талаптар туралы» баяндамасында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, з.ғ.д., профессор **Е.А. Оңғарбаев** мынадай ұсыныстарды ескеру қажеттігін айтып өтті: штаттағы ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрамның ең төмен табалдырықтық пайыздық үлесін, соның ішінде ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылардың жалпы санынан ғалым-заңгерлердің үлесін белгілеу; заңгерлерді тек күндізгі бөлімде оқыту; магистратураға, резидентураға және адъюнктураға тиісті мамандық бойынша жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын игергендерді ғана қабылдау; PhD докторантура білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған түлектер 5 жыл жоғары оқу орнында немесе негізгі жұмыс орны ретінде ғылыми ұйымдарда жұмыс істеуге міндетті, арнаулы грантпен оқыған түлектер өзін жіберген ұйымда 5 жыл жұмыс істеуге міндеттеу; PhD докторантурасы бойынша бөлінетін гранттардың санын көбейту; докторлық хабилизация жүйесін енгізу; «Юриспру-

денция» мамандығы бойынша студенттердің өндірістік және диплом алды тәжірибеден өту механизмін жетілдіру.

«Құқықтық білім беруді ғылыми қамтамасыз етудің үлгісі туралы» тақырыбындағы баяндамамен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор **Д.Л. Байделдинов** шықты.

Декан қоғамда бірнеше рет реформаланған саланың бірі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі екендігін атап өтті. Себебі, Қазақстан Республикасының экономикалық даму факторларының бірі жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандар дайындау болып табылады.

Д.Л. Байделдинов мектептен бастап докторантураға дейінгі барлық білім беретін мекемелерде болашақ заңгерді тәрбиелеуді, қалыптастыруды және оқытуды қамтитын құқықтық білім берудің ғылыми-негізделген үлгісін жасауды; шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды ұйымдастыруға бағдар алуды; ЖБТ (жеке білім алу траекториясы) төрт бағытының (мемлекеттік-құқықтық; азаматтық-құқықтық; қылмыстық-құқықтық; қаржылық-құқықтық) бірін таңдаған «Юриспруденция» мамандығы бойынша студенттің ЖБТ-ын қарастыруды ұсынды.

Баяндамашы құқықтық білім берудің тиімді жүйесі елдің тұрақты дамуын, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды және қазақстандық қоғамның демократиялық құрылуын қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылатынын атап өтті.

«Заңгер мамандықтары бойынша білім беру қызметі нарығындағы бәсекелестік туралы» баяндамасында Almaty Management University ректоры, DBA докторы **А.Б. Қожахметов** өз кезегінде, бәсекелестік арқылы білім берудің сапасы туралы; ашықтық пен айқындылық арқылы бәсекелестік; мемлекеттік және мемлекеттік емес ЖОО арасындағы бәсекелестік емес, жақсы мен жаманның арасындағы бәсекелестік жайлы айтып өтті; Қазақстан Республикасындағы бәсекелестік туралы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жеделдетілген индустриалдық-инновациялық даму Бағдарламасы туралы тәптіштеп баяндады. Жоғары оқу орындары зияткерлік өнім мен қызметті өндіретін нарықтық экономиканың толық құқылы субъектілеріне айналды. Сондықтан қарқынды дамып жатқан қоғамға сәйкес болу бүгінгі күнгі өзекті мәселе болып тұрғанын айтты. Сонымен қатар, құқықтық білім беру саласында аталған қызметті KazBAR (коммерциялық заңгерлердің қазақстандық Ассоциациясы) жүзеге асыра алады деп ұсыныс жасады.



ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық Департаменті директорының орынбасары С.С. Исмагулова, Астана қ., 19.06.2015 ж.

Қазіргі кезде қашықтықтан білім беру технологияларын, ең алдымен E-Learning, start-up сияқты құралдарды қолдануға бағдарланған кәсіпкерлік кластерлік жоғары оқу орындары жұмыс істейтіндігіне назар аудартамыз. Жеке кластер ретінде кәсіпкерлік уәждеме мен ғылыми-зерттеу тәжірибесін үйлестіретін зерттеуші-кәсіпкерлік университеттерді тану керек. Осылайша, кәсіпкерлік кластерге тартылған жоғары оқу орындары бәсекелестікте стратегия мен тактиканы таңдауда барынша вариативті.

Ректор көптеген оқу орындарында жоғары құқықтық білім беру саласында негізгі назар қылмыстық және қылмыстық-атқарушылық өндірісті (судьяларды, тергеушілерді, криминалистерді, прокурорларды) дамытуға және мемлекеттік аппаратқа аударылады деп санайды. Нарықтық экономика қызметтің дәл кәсіпкерлік саласы (корпоративті заңгерлер, адвокаттар, мемлекеттік компаниялардың заңгерлері, коммерциялық емес құқық саласындағы заңгерлер, нотариат мамандары, халықаралық құқық бойынша заңгерлер) үшін талап етілетін білікті мамандарға аса мұқтаж.

Екінші панелдік сессияның қорытынды сөзінде «GRATA» заңгерлік фирмасы ЖШС-нің басқарушы серіктесі **С.Б. Даумов** мынадай бірқатар тезистерді ескеруді ұсынды: ҚР азаматтық құқық (ҚР АҚ) курсының оқытуды 2 жылға дейін тереңдету; ҚР Азаматтық Кодексінің (ҚР АҚ) Жалпы және Ерекше бөлігін толық оқытуды енгізу; шеберлік-кластары мен бос орындар жәрмеңкесіне заңгер мамандығының бірқатар бағыты бойынша сыртқы ұйымдарды тарту (мемлекеттік сектор (министрстволар, құқық қорғау органдары, әкімшілік және т.б.); inhouse – экономиканың негізгі секторлары бойынша бөлінген компанияның заң саласы департаменттерінің қызметкерлері (табиғи ресурстар (жер қойнауын пайдаланушылар, қызмет көрсететін компаниялар); өндірістік және сауда секторы; көлік секторы; телекоммуникациялық сектор, құрылыс және инфрақұрылымдық сектор, банктік-қаржылық сектор; адвокаттар; консалтингтік фирмалар).

С.Б. Даумов шеберлік кластары кезінде болашақ кандидаттар үшін пайдалы тақырыптарды (түйіндеме құрастыру (қарапайым қателер мен ұсыныстар), іскерлік хат алмасуды (қарапайым қателер мен ұсыныстар); әңгімелесуден өтуді (қарапайым қателер мен ұсыныстар) қосу қажеттігін атап өтті. Практикалық тәжірибе алуға қатысты басқарушы серіктес тағылымдама шеңберінде 2 курс студенттерінің танысу тәжірибесінің мерзімін 2 аптаға дейін көбейтудің қажеттігін айтты. Студенттерге түйндемелеріне қосымша ақпаратты қосуға ұсыныс жасады (GPA; негізгі пәндер бойынша бағалар (біз әрдайым ҚР АҚ бойынша бағаларын ескереміз); курстық/дипломдық жұмыстардың тақырыптары; бағалары көрсетілген тілдерді білу (IELTS немесе TOEFL тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі); кластан тыс жетістіктер (дебаттық клубтар, конференциялар, олимпиадалар және т.б.).

Бұдан кейін панелдік сессияның қорытындысы жасалды.

Қорытынды сөзінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі **Т.О. Балықбаев** ортақ проблемалары бар және ортақ мақсаттар мен міндеттер біріктірген әріптес-пікірлестердің бұл кездесуі ғылыми-білім беру қауымдастығының, мемлекеттік билік өкілдерінің, жұмыс берушілердің конструктивті диалогы үшін алаңға айналды деп атап өтті. Мұндағы маңызды нәтиже құқықтық білім саласында реформалардың қажеттігін жалпы ортақ түсіну мен оны жүзеге асыру парадигмасын жасау болып табылады.

Бұл форум – ҚР БЖҒМ-нің, КАЗГЮУ Университетінің, шетелдік және отандық ғалым-заңгерлердің ынтымақтастығының нәтижесі. Оның шеңберінде құқықтық білім беруді жетілдіру және лайықты мамандарды дайындау проблемалары зерттеледі, заңды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізіледі. Форум алғаш рет өткізіліп отыр, оның нәтижелері құқықтық саясаттың жалпы теориялық, сондай-ақ, ғылыми-тәжірибелік және құқықтық даму мәселелерін шешуде өз үлесін арттыруға ықпал ететін болады.

Форумның қорытындысы бойынша құқықтық білім беруді реформалау туралы мынадай ұсыныстар жасалды:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңеске:

1.1 «Құқық» мамандығы тобы бойынша ОӘБ қызметін үйлестірудің тиімді механизмін жасау;

1.2 «Құқық» мамандығы тобы бойынша оқу-әдістемелік бірлестікке:

1.2.1 «Құқық» мамандығы тобы бойынша мамандар дайындайтын негізгі жоғары оқу орындарын анықтау;

1.2.2 Ұлттық біліктілік жүйесін есепке ала отырып, білім беру



«Құқықтық білім беруді реформалау және кәсіби заң саласы мамандарына сұраныс туралы» №2 панелдік сессиясы, Астана қ., 19.06.2015 ж.



Almaty Management University ректоры, DBA докторы А.Б. Қожахметов, Астана қ., 19.06.2015 ж.

бағдарламаларын дайындау бойынша ЖОО-мен және жұмыс берушілер ассоциациясымен бірлесіп жұмыс жүргізу;

1.2.3 СБШ (салалық біліктілік шеңбері) дайындалатын заңдық және құқықтық саладағы секторды анықтау;

1.2.4 Жоғары құқықтық білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша жүйелі түрде семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу;

1.2.5 Өзара көмектесу және жоғары оқу орындарымен және мүдделі тараптармен инновациялық тәжірибе алмасу мақсатында «Құқық» мамандарын дайындау бағыты бойынша ҚАЗГЮУ базасында ОӘБ порталын жасау;

1.2.6 Негізгі құзыреттілік жүйесін жасау және «Құқық» мамандығы тобы бойынша түлектер үшін қол жеткізудің бірыңғай критерийін жасау;

1.2.7 Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарды жасау;

1.2.8 Импакт-факторлы басылымдарда жарияланымдардың саны бойынша ғылыми заң қызметін бағалаудан бас тартатын ұлттық ғылыми дәйексөз алу жүйесін жасау және енгізу;

2. Жоғары оқу орындарының ректорларына:

2.1 Case-study-ды белсенді қолдануға арналған кәсіби пәндердің циклі бойынша оқу үдерісін бағдарлау арқылы оқу үдерісінің құқықты қолданудың өзекті тәжірибесімен тұрақты байланысын қамтамасыз ету;

2.2 Құзыретіне мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын келісу кіретін жұмыс берушілердің кеңесін құру;

2.3 Қорытынды аттестацияға құқықтану саласында білім алушыларды, тәжірибедегі жұмысшыларды тарту;

2.4 Жемқорлықтың кез келген түріне, академиялық адалдықты бұзуға, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамы арасында этикалық нормалардың бұзылуына «нөлдік төзімділік» жағдайының жасалуын қамтамасыз ету;

2.5 Әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық зерттеулердің арнайы дайындалған әдістері негізінде ұсынылған білім беру қызметінің және жемқорлыққа қарсы әрекеттің сапа мәселесі бойынша білім алушылардан тұрақты міндетті сауалнама алу жүйесін енгізу;

2.6 Құқықтық терминологияға басымдық бере отырып, ағылшын тілін оқытуды тереңдету.

Г.Б. Кудайбергенов, А.Ж. Наурызбай: Республиканский форум «О состоянии подготовки юридических кадров в Республике Казахстан».

В статье представлен обзор проведенного первого Республиканского форума «О состоянии подготовки юридических кадров в Республике Казахстан», организованного Министерством образования и науки Республики Казахстан совместно с Университетом КАЗГЮУ по актуальным проблемам юридического образования как сложного многоэлементного процесса, нуждающегося во всестороннем обсуждении, анализе, достигаемом посредством открытых дискуссионных площадок. В конструктивном диалоге приняли участие представители ряда центральных государственных органов, международных организаций, ректоры вузов РК, зарубежные ученые, профессора и профессорско-преподавательский состав КАЗГЮУ и других вузов г. Астаны, студенты, магистранты, докторанты.

Ключевые слова: государство, право, МОН РК, Университет КАЗГЮУ, республиканский форум, юриспруденция, юридическое образование, Национальная система квалификаций, совет работодателей, ассоциация выпускников.

G. Kudaibergenov, A. Nauryzbay: First Republican Forum "About legal education in the Republic of Kazakhstan".

The article provides an overview of the First Republican Forum "About legal education in the Republic of Kazakhstan", organized by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan jointly with the KAZGUU University on the topical issues of legal education as a complex multi-element process which needs a comprehensive discussion and analysis, achieved through open discussion platforms. Representatives of a number of central government agencies, international organizations, rectors of Kazakhstani universities, foreign researches, professors and faculties of KAZGUU University and other universities of Astana, students, graduates, doctoral students participated in a constructive dialogue.

Keywords: state, law, Ministry of Education and Science, KAZGUU University, republican forum, law, legal education, the National Qualifications Framework, the Council of employers, Alumni Association.